

"Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі" Ахмет
"Газета - глаза народа, его уши и язык" Байтұрсынов

Saryubel.KZ

Қоғамдық-саяси газет

Общественно-политическая газета

Осакаров ауданының апталық газеті
16 мамыр 2025 ж. № 18 (167)

Еженедельная газета Осакаровского района
16 мая 2025 г. № 18 (167)

РЕФОРМЫ. СЛЫШАЩЕЕ ГОСУДАРСТВО

В центре внимания



Важные преобразования в сельских регионах остаются в центре внимания государства. Очередным подтверждением этому стал рабочий визит регионального инспектора Т. Б. Сапаргалиева в Осакаровский район.

В ходе поездки Талгат Болатович ознакомился с реализацией ключевых проектов.

Особое внимание было уделено строительству медицинских пунктов в селах Шункырколь и Ошаганды. Эти объекты необходимы для улучшения качества медицинской помощи в сельской местности.

Также инспектор посетил село Озерное, где полным ходом идет капитальный ремонт школы. Он детально ознакомился с ходом работ и обсудил текущие вопросы с представителями подрядных организаций.

Помимо школы, Т. Б. Сапаргалиев осмотрел отремонтированный Дом культуры, модернизированный в рамках государственной программы «Ауыл – Ел Бесігі». В обновленном учреждении он провел встречу с коллективом.

Дарья Хаердинова

ОТ НАМЕРЕНИЙ-К ДЕЙСТВИЯМ

Вручили современную технику

На площади пожарной части №17 поселка Осакаровка прошла торжественная церемония. В этот день аким района Руслан Нурмуханбетов вручил ключи от четырех пожарных модулей «Ермак» добровольным пожарным формированиям сельских округов Пионерский, Мирный, Каратомар и Маржанколь.

Пожарных добровольцев не ведёт расчёт или карьера, за их плечами нет званий и чинов, но есть самое главное — это готовность прийти на помощь в трудную минуту.

В отдалённых населённых пунктах, где ближайшие пожарные части находятся на значительном расстоянии, именно эти неравнодушные жители становятся главной надеждой в борьбе с огнём и спасении жизни и имущества.



Компактные, но функциональные модули «Ермак» позволяют оперативно реагировать на возгорания, особенно в труднодоступных местах.

Теперь в арсенале добровольцев есть современное оборудование, способное значительно повысить эффективность их работы.

В рамках мероприятия аким и гости ознакомились с транспортным и противопожарным арсеналом пожарной части №17, техникой и оборудованием, применяемыми в чрезвычайных ситуациях.

Техника вручена - задача ясна. Но главное уже имеется — это люди, которые выходят навстречу беде с готовностью и отвагой.

Дарья Хаердинова

«Таза Қазақстан» акциясы жалғасуда

15 мамырда «Таза Қазақстан» акциясы аясында Осакаровка кентінің Юбилейный көшесінде «Таза бейсенбі» сенбілігі өтті.

Сенбілікке 23 мекемеден 90 адам қатысып, 3 бірлік техника жұмылдырылды.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде рұқсат етілмеген 2 қоқыс орны жойылып, 25 тонна қоқыс шығарылды.

Бұл акция тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, отансүйгіштікті, табиғатты қорғауға, қоршаған ортаға деген жанашырлық құндылықтарын дәріптеу және әрбір адам өзінің ауласын, көшесін таза ұстап, таза-



лыққа өзінің үлесін қосу мақсатында ұйымдастырылуда.

15 мая в рамках акции «Таза Қазақстан» состоялся субботник "Чистый четверг" на улице Юбилейная п. Осакаровка.

В субботнике приняли участие 90 человек из 23 -х организаций.

В результате проведенных работ ликвидированы 2 несанкционированные свалки. Вывезено 25 тонн мусора.

Основной целью акции «Таза Қазақстан» является повышение экологической культуры жителей, популяризация бережного отношения к природе, окружающей среде.

Гүлім Сембай



ЭТО ВАЖНО ЗНАТЬ

2

№18 (167) 16.05.2025 жыл

Фискальный чек — наш вклад в будущее

Почему важно требовать фискальный чек?

В каждом магазине, на рынке или в аптеке мы как покупатели имеем полное право попросить фискальный чек. Это не прихоть, а наша защита. Управление государственных доходов по Осакаровскому району напоминает - фискальный чек — гарантия наших прав и вклад в честную экономику.



Мы побеседовали с руководителем управления государственных доходов по Осакаровскому району Сериком Сабыровичем Мусаперовым о том, что такое фискальный чек и какую пользу он может принести как государству, так и гражданам. Вот что сказал С.С. Мусаперов:

«Фискальный чек — это документ, который выдает кассовый аппарат. Он подтверждает, что продавец официально провёл покупку и заплатил с неё налог. Это важно не только для государства, но и для покупателей лично:

- * Если товар оказался некачественным, только по чеку можно его вернуть или обменять.

- * Если обнаружился обман по цене, чек — единственное доказательство.

- * Если продавец не пробил чек, значит, он скрыл доход от налоговой. Это вредит экономике всей страны, а значит — и бюджету нашего посёлка.

Многие не задумываются, что с налогов, которые платит бизнес, финансируются:

- * пенсии и пособия для пожилых людей и малообеспеченных;

- * стипендии для студентов;

- * дороги, школы, больницы — всё это строится и ремонтируется на бюджетные

средства.

Когда продавец работает и не пробивает чек, налоги не поступают в бюджет. Значит, уменьшается помощь, которой государство может обеспечить людей.

Специалисты управления государственных доходов объясняют: если вы покупаете, например, продукты в магазине, а продавец даёт только «внутренний чек» или вообще ничего — это значит, что покупку не провели через кассовый аппарат. А деньги, которые вы заплатили, не отразились в налоговой отчётности.

Чтобы бороться с этим, созданы специальные проекты. Например, проект «Salıq кэшбек»: возвращаем 2% с покупок.

С 15 апреля 2025 года стартовал проект, по которому каждый может получать вознаграждение за честную покупку. Что нужно сделать для того, чтобы получать кэшбек:

- * Установите приложение Amian на телефон;

- * Зарегистрируйтесь;

- * Покупайте в магазинах малого и микробизнеса;

- * Сканируйте фискальные чеки в приложении.

За каждый такой чек вы получите 2% от суммы покупки. Учитываются первые три чека в день, если с момента их выдачи прошло не более 24 часов. Максимальный кэшбек — 20 000 тенге в месяц, а деньги поступят на ваш счёт в приложении через 14 дней.

Акция «Байге» — шанс получить 100 000 тенге

Так же с 1 мая 2025 года началась акция «Байге», в рамках которой у каждого гражданина есть шанс получить 100 000 тенге.

Условия следующие:

- * Установите приложение Amian;

- * Сканируйте любые фискальные чеки с датой не старше 24 часов;

- * По итогам II квартала самый активный участник в каждом регионе получит по 100 000 тенге на свой счёт в приложении.

Что важно помнить?

- * Фискальный чек — это закон.

- * Если чек не пробит — вы можете сообщить об этом через приложение или в налоговую.

- * Продавец обязан выдать чек при любой оплате: наличными, картой или через мобильный перевод».

Уважаемые читатели!

Мы все должны знать, что фискальный чек — наш вклад в будущее.

Управление государственных доходов по Осакаровскому району призывает всех: проявляйте активность, требуйте чек, добавляйте его в приложение и получайте за это законное вознаграждение. Это простой способ поддержать честный бизнес, улучшить жизнь и защитить свои права.

Дарья Хаердинова

Халықаралық отбасы күні

Отбасы - адами құндылықтардың, мәдениеттің және ұрпақтардың тарихи сабақтастығының сақтаушысы. Мемлекетіміздің дамуы, халықтың әл-ауқаты артуына да отбасының рөлі зор.



Атаулы күні Аудандық мәдени-сауық орталығында «Отбасым — менің байлығым» тақырыбы бойынша мерекелік шара өтті.

Арнайы шақырылған қонақтардың бірі - 30 жыл бойы бір шаңырақ астында өмір сүріп, өмірдің ыстық-суығын бірге көріп келе жатқан үлгілі отбасы Аманбала Самиғат пен Ғалия Нұрсолтан және 10 жыл бұрын шаңырақ көтерген жас отбасы Тусупбековтар әулеті.

Мерекелік шарада отбасы құндылықтары, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас, әке мен ананың тәрбиедегі рөлі, ұрпақтар сабақтастығы жайлы ой қозғалып, пайымды пікірлер айтылды.

МСО өнерпаздары қатысушыларға әке, ана, махаббат жайлы әсем әндерін арнады.

Гүлім Сембай

Прошла VIII областная Спартакиада



13-14 мая 2025 года спортсмены Осакаровского района с поражением опорно-двигательного аппарата, поражением органов слуха и зрения приняли участие в VIII областной Спартакиаде, которая проходила в г. Караганда. Спортсмены состязались по следующим видам спорта: толкание ядра, шашки и тоғызкумалак.

Спартакиада проходила в спорткомплексе «Жастар», на стадионе «Шахтер», в легкоатлетическом манеже имени К. Нуржанова и Дворце спорта имени Н. Абдирова.

По результатам соревнований команда нашего района заняла почетное 2 место в общекомандном зачете.

По толканию ядра чемпионом Спартакиады стала Жолнина Валентина (село Озерное), а Толлеугазин Саян, Аналхан Таубахан и Захан Алтангуль (поселок Осакаровка) заняли 1 место по шашкам.

Команда по тоғызкумалаку Шахманов Марал, Кожекенова Айгуль (село Сункар), Тусупов Ораз (село Жулдыз), заняла 3 место.

Победители и призеры Спартакиады награждены грамотами, медалями и кубками. Поздравляем спортсменов!

Валерия Стебелевская
ОФКиС Осакаровского района



Есімің ел есінде есіл ерім (Тақырыбына бірінші мақала)

Есімің ел есінде есіл ерім,
Еленіп еңбектеніп төккен терің,
Ұлықтасын ұмытпай ұрпақтарың,
Көзкөргендер жеткізіп білгендерің.
Уақыт шіркін араны еткенде алыс,
Көңілдеде көмескі тартар бар із.
Атасын көрмей өскен кейінгіге,
Көзін ашып көрсету бізге парыз.



Мен өзім ес біліп өскелі Маржанкөлде көп басшылар өзгерді. Сонау 1956 -жылдан бері көргендерім Ким, Козлов, Лебедев, Василев дегендер болды. Өз заманында олардың еңбектері бар шығар бірақ ол уақытта бар жұмыс партияның нұсқауымен, жоғарыдан жоспарлаумен жалғасатын.

Маржанкөл, кеңшар деп бекітілгелі 1930 – жылдан Нұра ауданының құрамында болды.

1972-жылдың күзінде бізді Осакаров ауданына қосты. Сол жылы бізге жаңа басшы келді Балтин Өміртай Көбентаевич.

Төркін жұртын жоқтап, жыларман қалыпқа түскен елге өз бауыры басшы болып келгеніне елдің еңсесі бір көтеріліп қалды. Бұл Өмекеңнің әкелген бірінші жақсылығы осы еді. Осакаров ауданында бірде-бір қазақ кеңшары жоқ, тіпті ауданның басында 6-7 ұй ғана қазақ болатын. Нұраға барғанда көрінген үйдің қақпасын қақпай кіріп, өз үйіндей көсіліп жатып, шайын ішіп, шаруасын бітіріп қайтатын қарттарға, үлкендерге, жастарға да оңай болған жоқ.

Еріксіз бөтен елге кеткен қыздай жау-таңдап қалғанда, бетті, беделді қандасың қасында болып қолдап, қорғап жол бастап жүргені қандай бақыт. Мұны басына іс түсп, баспақшы болмаған жан түсінбейді.

Осакаровкадан Ануфриев деген азамат келіп кеңшардың активімен жиналыс өткізіп, Өмекеңді таныстырды.

- Балтин Ө.К. 1930 жылы Шет ауданы, Кеңшоқы ауылында дүниеге келген. Мектепті бітірген соң Алматы зоовет институтын тамамдап келіп, осы өңірде көп қызмет атқарды. Бөлімше зоотехнигі, 40 жылдық кеңшарының директоры, Ақтоғай ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, Қарағанды облысы ауыл шаруашылығы басқармасының бірінші орынбасары, міне енді сіздермен бірге қызмет етуге келді директор болып,- деді.

1972 жыл қазан айы еді. Алдын ала танысқан ба әйтеуірі жаңа басшы сөйлегенде аузымыз ашылып қалды. Жетістіктерді жеткізе отырып, керек етер кемістіктерді тізіп айтқанда айызымыз қанып отырды.

Бірінші, ауылда ауыз су құбыры жоқ әлі құдықтан ішеді. Екінші, ауылда мектеп жоқ. Үшінші, мал қоралары ескі типті, шаруаға ыңғайсыз. Төртінші, кеңшарда төрт бөлімше бар, жер жеткілікті оны игерер техника тапшы. Бесінші, жоғарғы вольтты электр қуаты әлі тартылмаған, бастықтың алдында кібірткітеп, артық айтпай отыратын жандарға үлкен жаңалықтай болды, өйткені Өмекеңнің дауысы саңқ-саңқ

етіп, кімнің болса да санасына сыналап жеткізерліктей нық еді. "Осыған қандай көмек бере аласыздар Ануфриев жолдас"- деп аяқтады сөзін. Ол кісі, осында ауданның бар басшылары отыр, естіді, көмекке бар күшімізді салатынын айтты. Өмекең тұрып, "осы уәденіз үшін ел алдында куә етіп, қол алысып қояйық"- деп қолын ұсынды, ойын-шынын араластырып.

Көреген көз Өмекеңнің осы ісі алдағы күндері көп көмек болды. Ануфриев кейін обком секретары, ауыл шаруашылық министрі болғанда уәдесін есіне салып алдына барып, талай тартыстағы жұмысын тындырып жүрді. Мен ол кісінің қасында он жыл прораб болып жүргенімде көрдім.

Міне, осылай басталған қызметке қызу кіріскен Өмекең он жылда әлгі айтылған бес кемістіктің бәрін оңынан шешіп орнына келтірді. Ауылға алты шақырымдық су құбыры тартылды. Сортировкадағы С.У-5 бастығы Янковский деген болды. Өмекең сол кісімен тіл табысып, жоспардан тыс біраз жүйені жасап алды, ол бір хикая. Даладағы колонкадан басқа әр үйге су кіргіздіріп алдық. 1974-жылы желтоқсан айында мені Алматыға мектеп салатын сметаны бекітіп келуге Госпланға жұмсады. 500 мың рублден асатын жоспарды Алматы бекітеді. Егіндібұлақтан Бұлқанов Хасен екеуміз Госпланға келсек, Нұрлан дейтін маман, ауылдағы мектепке бұлар керек емес деп, сузabor, дәрехана көрізін т.т. басқасын сызып, 830 мың



тұратын сметаның 560 мыңын қалдырып, ертең келіп аласыздар деп қоя берді. Сол күні кеште Қаракөз кафеінің үстінде тұратын қайнағам Әбдіхалық Мұстафиннің үйіне бардым, алдында сөйлескенде, кел деп еді.

Сол үйден заказ беріп, Өмекеңмен сөйлестім, солайда солай болды,- деп. Олай болса, сен ауылға келмей-ақ қой,- деп телефонды тастай салды. Алдында айтқан жоқ едім, қайнағам не болды деп сұрады. Мән-жәйді айтқан соң, бір жерге телефон шалды, біраздан кейін бір қасқа бас үлкен адам үйге келді, бірге отырып тамақ іштік. Әбекең ол кісіні Мәке деп отырды, естігенін айтып еді әлгі кісі ашуланып, ертең маған келіңіз бірінші, деп кетті. Ертеңінде барсақ, кешегі маманды сілікпесін шығарып жатыр екен, бастығы болып отырып, қалай әкелді солай бекітіп беріндер, деп тағы бір кісілерге тапсырды. Бұл да Өмекеңнің бір беткейлігінен маған «жарайды ендеше»- десе солай сопыйып қайтар едім.

Мектеп құрылысы жүріп жатты, бір кемшілік еденнің бәрі бетон, плита болатын. Содан екеуміз проект институтына барып келісіп, еденді тақтайға көшіруді есептетіп алдық. Содан обылыс ауыл шаруашылығы бастығы Ермоленко Степан Аркадевичті, Варкентин В.И. қонаққа шақырып, Құндыздының Швейцариясында бір күн күттік. Нәтижесінде 16 вагон тақтай Иркутск лесхозынан келді. Соны жаздай Музыка, Пыжиковтар сүргілеп дайындап, мектепке беріп оты-

рдық. Мұндағы Өмекеңнің еңбегі ерекше, біреу білсе біреу біле бермейді. Төбесі қара қағазбен қаптаған жайдақ еді, оны 1992 жылы шиферлап алдық.

1975-жылы күзде Д. А. Қонаев біздің кеңшардың үстімен өтті, кездесуге Құрқопаның қасындағы жол үстіне Өмекең Оқас ағаның жигулиімен барды. Жағдайды сұраған соң, Димекең «Неге меншік машинамен жүрсін»- деп сұрады?» Көлік ескі болып тұр биыл жақсы астық алсақ жаңартармыз»- деді.

«Қанша жинайсындар?»- Ол кезде миллиард пұт дейтін мода болып еді, сол әдетпен «миллион пұт астық аламыз»- деді Өмекең», Олай болса, Алматыдан бір Волга мінісіз»- деді. Екі мәрт тұлға сөздерінде тұрып, ақ Волга аймаққа аңызға айналды.

Тағы бір қолтаңбасы Қарағансай, Қарасу, Шарықты тоғамдары әуел баста әлі анық бекімеген тоғаммен қанша қыйыншылық көріп алыстық. Тек Өмекеңнің қажыр қайратының арқасында аман алып қалдық. Келесі кітабымда жазбасам, бір мақалаға бәрін сыйдыру мүмкін емес.

Ол жылдары күзгі науқанға сырттан 100 шақты машина келетін. Бәрі қырманнан шыққан соң, ауылдың үстімен жүріп, бей-берекет қылатын. Содан сыртқы жолдың жобасын жасап, Горохов В. ақсақал бір жазда жалғыз жасап шықты. Тоғамдарды да осы кісі салып шықты. Сол 4млн. тұратын С-100 тракторын пысықайлар 500 мың теңгеге сатып жіберді-ау өттен. Өмекеңнің өшпейтін, өлмейтін ісі өте көп.

Одан басқа ол кісінің қасиеті қарапайымдылығы, адалдығы, аңғалдығын, талайлар пайдаланған. Адамды жамандауды білмейтін, ұнамаса бетке айтып тастайтын, бастық деп, райком деп, тартынбайтын. Бірақ біреуді жұмыстан шығарыпты немесе сөгіс беріпті дегенді естіген емеспін. Кәрі ме, жас па, малшы ма, тракторис пе, қызметтес пе ол кісіге бәрі бірдей, қатарындай қалжыңдасып, тіпті сәті келсе, бірге қағысып жүре беретін. Жұмыс барысында талабы қатты болатын, айтқанын екі етуге дәрменің жоқ, мысы басып тұратын.

Тұғырдан түскенде тырнағына татымайтын біреулер түртпектей бастады, әй шіркін, пендешілік ай. Оған Өмекең пысықырмайтын да, ақыры өздері ит боп қалды. Әр кезде кездесетін кесапат қашан тыйылар екен бұл қазақта, Абай айтқан. өңкей қықымдар.

Айтарым көп еді, газет бетіне сыйдыра алмаспын, алдағы күндердегі сәтін берсін, ғұмырнама кітабымды бастағанмын.

Атасын көрмеген ұрпағына айтарым, осындай еді аталарың, сендер соған тартып өсулерің өмірлік ұстамың болсын балапандар, Аталарың рухы разы болсын сендерге, ол осыған лайық.

Өмекең 2000 жылдың 8 қаңтарында дүниеден өтті, сол кезде туған, көрмей өскен ұрпағы алды 30, арты 25-ке келген бүгінгі асылдың сынықтары. Өмекең мен Мәкен апаның артында бұл күнде 4 ұл, 2 қыз қалды, солардан тараған 26 немере, 21 шөбересі бар. Үлкен қызы Сәуле Құндызды акиматында 27 жыл бас маман болып істейді, қызы Динара аудан әкімінің орынбасары. Басқа балалары да қала жақта әр салада қызметте.

1994 жылы жазда зираттың қоршауын кеңейтіп, ішін тазалап біраз жұмыс жасадық. Сонда Саду, есінде болсын, мен мына жерге жатамын, кезегі келгенде деп күліп еді. Сол көрсеткен орыны өзіне мәңгілік күт мекені болып қалды. Иманды болғыр есіл ерім.

Биыл 25 жыл болады өткеніне, Үш жыл болғанда еске алып жазғаным бар еді. Сол сөзім, сол сезім, сол сағынышым, сол сыйластық, ізетімнің ізі суыған жоқ, сондағы жыр шумағыммен аяқтайын.

Өзгеден бөлек Өмекең өр еді ғой,

Бетті де, беделді де ер еді ғой.

Саңқылдатып салғанда Аққұм әнін,

Ортаны дүрілдеткен сері еді ғой.

Бүгін ол болар еді нағыз мықты,

Жаны жек көруші еді «жауыздықты»,

Тоқырау заманының тарпаңы еді,

Шабатын шайнап тастап ауыздықты

Құдайда қалап алады жақсы жанды,

Деп елің еске алып отырады.

Өмеке, жатқан жерің жарық болсын.

Мамық боп Маржанкөлдің топырағы.

ӘУМИН.

Көз көрген әріптесі

Зейнеткер Садуақас Томашинов, Астанада



Награда многодетной матери

4

№18 (167) 16.05.2025 жыл

Аудан әкімі Руслан Нұрмұханбетов көпбалалы ана Наталья Александровна Жандавлетованы Халықаралық Отбасы күнімен құттықтады.

Аудан басшысы Мемлекет басшысының атынан "Күміс алқа" медалін табыстады. Наталья Жандавлетова алты бала тәрбиелеп отыр, балаларының үлкені 18 жаста, ал кенжесі небәрі 1 жаста.

"Күміс алқа" медалі мемлекеттік марапат, алты бала тәрбиелеген аналарға беріледі.

Көпбалалы отбасылар мемлекеттің ерекше қамқорлығында. Қазақстанда көпбалалы отбасылар жәрдемақы алады және бірқатар қосымша құқықтарға ие. Сондай ақ, "Күміс алқа" және "Алтын алқа" иегерлеріне жеңілдіктердің қарастырылған.

Аким района Руслан Нурмуханбетов поздравил с Международным днем семьи многодетную мать - Джандавлетову Наталью Александровну.

За воспитание шестерых детей от имени Главы государства ей была вручена медаль «Күміс алқа». Старшему из детей Натальи 18 лет, а младшему всего 1 год.

Медаль «Күміс алқа» является государственной наградой и присуждается матерям, воспитавшим шестерых детей.

Многодетные семьи в особой защите и заботе государства. В Казахстане многодетные семьи получают пособия и имеют ряд дополнительных прав.

Самый широкий круг льгот предоставлен обладательницам «Күміс алқа» или «Алтын алқа».

Д. Хаердинова



Жүрекке ең жақын мереке - Аналар күні

Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен жүрекке ең жақын мереке - Аналар күні аталып өтілді. Әр ананың ақ тілеуіне, шексіз махаббатына алғыс айту күні өткен деңгелек үстелде бөлім басшысы Әсемгүл Ақылбекова, аудан бойынша Аналар



кеңесінің төрағасы Ботагөз Капарова, "Алтын алқа" иегері, көп балалы ана Нұргүл Макажанова отбасы құндылықтары, бала тәрбиесі жайында сөз қозғап, қатысушыларға ақ тілектерін жеткізді.

Шара барысында тіршіліктің алтын діңгегі, асыл аналарына балаларының арнап жазған хаттары табысталды, 7-сынып оқушысы Томирис Өлімбайдың анасына арналған хаты жүрек тебірентті.

Аудандық мәдени-сауық орталығының әншілері, "Өнер" мектебінің оқушысы Інжу Садық мерекелік кештің ажарын ашты.

Қазақстанда мамыр айының екінші жексенбісі Аналар күні деп бекітілген. Адамзат қандай биікке шықса да, қандай қуанышқа кенелсе де, барлығының бастауында Ана тұр.

Гүлім Сембай

Национальный день книги: праздничный литературный променад

Совсем недавно в поселке Молодежное, как и по всей стране и во всем мире, прошел замечательный праздник — Национальный день книги. Детская библиотека организовала и провела литературный променад "Книга - одно из сокровищ нации". Участниками мероприятия стали учащиеся 5-6 классов школы №28 села Акбулак и 6 класса школы имени Абая.

Национальный день книги в Казахстане отмечается 23 апреля. Эта новая праздничная дата появилась в связи с поручением Главы государства, данным на основной сессии третьего Национального курултая, в целях формирования в обществе высокой культуры чтения.

В этом году мы отмечаем его впервые, так что можно сказать, что это знаковое событие для нашей страны и нашего поселка, особенно — молодежи, детей и подростков. Этот праздник был учрежден с целью привлечения внимания к чтению, популяризации книг и повышения интереса к литературе среди молодежи. Важность этого дня заключается не только в праздновании Дня книги на национальном, государственном уровне, но и в формировании читательской культуры у подрастающего поколения.

В начале нашей праздничной литературной прогулки заведующая библиотекой Глазун Галина Николаевна рассказала о значении и истории Национального Дня Книги как в мире, так и в Казахстане. Она подчеркнула важность чтения для формирования личности и развития культуры, расширения кругозора, а также напомнила о том, что книги являются не только источником знаний, но и окном в мир фантазий и приключений.

Во второй части мероприятия библиотекарь Шинкоре-



ва Виктория Владимировна представила презентацию о современных авторах детской литературы Казахстана. Ребята узнали о наиболее популярных детских книгах, а также о новых тенденциях и жанрах в литературе для детей и подростков. Виктория Владимировна поделилась своими рекомендациями по выбору книг, которые могут заинтересовать юных читателей.

Завершилась встреча увлекательной online - викториной на платформе Kahoot под названием "Наши любимые сказки". Дети активно участвовали, отвечая на вопросы о своих любимых литературных героях и сюжетах. Это не только развлекло их, но и способствовало закреплению полученных знаний.

В завершение нашего мероприятия все участники полу-

чили сладкие угощения — приятный сюрприз от библиотеки, который стал символом дружбы и радости от совместного празднования.

Литературный променад в Национальный день книги стал важным событием для нашего поселка, напомнив всем о ценности чтения и роли книг в жизни каждого человека. Мы надеемся, что такие мероприятия будут проводиться и впредь, вдохновляя молодое поколение на любовь к литературе и знаниям.

Детская библиотека п. Молодежный приглашает всех желающих присоединиться к нашим будущим мероприятиям. Чтение — это ключ к новым открытиям!

Шинкорева Виктория
Библиотекарь абонемента



Қарағанды облысы Осакаров ауданы аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

Қарағанды облысы Осакаров ауданы аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14 бабы 3 тармағына, 113-1 бабына сәйкес, Қарағанды облысы Осакаров ауданы аумақтық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 14 мамырдағы № 30 қаулысымен Қарағанды облысы Осакаров ауданы Маржанкөл, Мирный, Сарыөзек ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы 2025 жылдың 22 маусымға тағайындалғанын хабарлайды.

Маржанкөл, Мирный, Сарыөзек ауылдық округтері әкімі болуға кандидаттарды ұсыну 2025 жылдың 15 мамырынан басталып, 2025 жылдың 27 мамырында жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-де аяқталады.

Маржанкөл, Мирный, Сарыөзек ауылдық округтері әкімі болуға кандидаттарды тіркеу мерзімі барлық қажетті құжаттар ұсынылғаннан кейін басталады және 2025 жылдың 1 маусымында жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-де аяқталады.

Сайлау алдындағы үгіт 2025 жылдың 1 маусымында жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-ден кейін басталып, 2025 жылдың 21 маусымында жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

Барлық сұрақтар бойынша төмендегі мекен-жайға хабарласуға болады: Осакаровка ауданы, Осакаровка кенті, Школьная көшесі, 111. Байланыс телефоны: 8(72149)42076.

Қарағанды облысы Осакаров ауданы аумақтық сайлау комиссиясы

2025 жылғы 22 маусымға тағайындалған Маржанкөл, Мирный, Сарыөзек ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын өткізу жөніндегі Осакаров аудандық сайлау комиссиясы және оның орналасқан жері туралы ХАБАРЛАМА

Осакаровка кенті Школьная к-сі 111 «Осакаров ауданының Орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ ғимараты тел. 8 (72149) 42076

1. Мулдағалиева Дана Калиоллаевна – комиссия төрағасы
 2. Сулейменова Айгерим Жанзақовна – төрағаның орынбасары
 3. Алишева Оксана Константиновна – комиссия хатшысы
- Комиссия мүшелері:
4. Дубина Елена Константиновна
 5. Еремеева Евгения Александровна
 6. Пышкин Константин Александрович
 7. Шалабаева Насып Тукеновна

2025 жылғы 22 маусымға тағайындалған Маржанкөл, Мирный, Сарыөзек ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын өткізу жөніндегі Осакаров ауданы бойынша учаскелік сайлау комиссияларының құрамы туралы ХАБАРЛАМА

№ 673- Орталығы: Маржанкөл а., Мира к. 21. Ауылдық мәдениет үйінің ғимараты, тел. 8 (72149) 38331
Төраға– Дюсембаева Айбаршин Балтабаевна,
Төрағаның орынбасары - Рақымкулова Жанаргуль Алдабергеновна,
Хатшы - Абилова Гульнара Ерболовна,
Комиссия мүшелері: Ибраева Надежда Окасовна, Нурабаева Зауреш Сериковна.
№ 678- Орталығы: Русская Ивановка а., Центральная к. 30. Мектеп ғимараты, тел. 8 (72149) 50061
Төраға - Рахменова Татьяна Викторовна,
Төрағаның орынбасары– Жантемирова Саулеш Жанузаковна,
Хатшы– Хуанган Нурсейт,
Комиссия мүшелері: Пискун Вера Дмитриевна, Ширумбаева Майя Юрьевна.
№ 679- Орталығы: Сарыөзек а., Дінмұхамед Қонаев к. 11. Ауылдық клуб ғимараты, тел. 8 (72149) 50531
Төраға - Досымханов Манарбек Мадениетович,
Төрағаның орынбасары - Әбдіқадыр Роза Әбдіқадырқызы,
Хатшы - Юсупова Ляйля Алтаевна,
Комиссия мүшелері: Карасай Диана Абзалқызы, Смаилова Маржангуль Сембаевна.
№ 680- Орталығы: Шокай ст., Школьная к. 54. «Қарағанды облысы Осакаров ауданы Сарыөзек ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты, тел. 8 (72149) 50479
Төраға– Темирбек Динара,
Төрағаның орынбасары - Колевид Татьяна Ивановна,
Хатшы – Кодарова Ирина Ивановна,
Комиссия мүшелері: Никкель Лилия Викторовна, Петкевич Наталья Анатольевна.
№ 685- Орталығы: Мирное а., Мира к. 14. Ауылдық мәдениет үйінің ғимараты, тел. 8 (72148) 31440
Төраға - Анисимова Галина Алексеевна,
Төрағаның орынбасары - Мусин Айдархан Курмашевич,
Хатшы - Аникеева Оксана Захаровна,
Комиссия мүшелері: Данилова Светлана Александровна, Салтаева Татьяна Константиновна.

2025 жылғы 22 маусымға тағайындалған Маржанкөл, Мирный, Сарыөзек ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын өткізу бойынша сайлау учаскелерінің шекаралары туралы ХАБАРЛАМА

№ 673 сайлау учаскесі
Орталығы: Маржанкөл а., Мира к. 21. Ауылдық мәдениет үйінің ғимараты
Маржанкөл ауылы, Құрқопа ауылы
№ 678 сайлау учаскесі
Орталығы: Русская Ивановка а., Центральная к. 30. Мектеп ғимараты
Русская Ивановка ауылы
№ 679 сайлау учаскесі
Орталығы: Сарыөзек а., Дінмұхамед Қонаев к. 11. Ауылдық клуб ғимараты
Сарыөзек ауылы, Шокай ауылы
№ 680 сайлау учаскесі
Орталығы: Шокай ст., Школьная к. 54. «Қарағанды облысы Осакаров ауданы Сарыөзек ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты
Шокай станциясы
№ 685 сайлау учаскесі
Орталығы: Мирное а., Мира к. 14. Ауылдық мәдениет үйінің ғимараты
Мирное ауылы

СООБЩЕНИЕ территориальной избирательной комиссии Осакаровского района Карагандинской области

Территориальная избирательная комиссия Осакаровского района Карагандинской области сообщает, что в соответствии с пунктом 3 статьи 14, статьей 113-1 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», постановлением территориальной избирательной комиссии Осакаровского района Карагандинской области от 14 мая 2025 года № 30 назначены выборы акимов Маржанкольского, Мирного, Сарыозек сельских округов Осакаровского района Карагандинской области на 22 июня 2025 года.

Выдвижение кандидатов в акимы Маржанкольского, Мирного, Сарыозек сельских округов начинается 15 мая и заканчивается в 18.00 часов по местному времени 27 мая 2025 г.

Регистрация кандидатов в акимы сельских округов Маржанкольского, Мирного, Сарыозек начинается после предоставления всех необходимых документов и заканчивается в 18.00 часов по местному времени 1 июня 2025 г.

Предвыборная агитация начинается после 18.00 часов по местному времени 1 июня 2025 года и заканчивается в ноль часов по местному времени 21 июня 2025 года.

По всем вопросам обращаться по адресу: Осакаровский район, поселок Осакаровка, улица Школьная, 111. Контактный телефон: 8 (72149)42076.

Территориальная избирательная комиссия Осакаровского района
Карагандинской области

СООБЩЕНИЕ о составе Осакаровской районной избирательной комиссии и ее местонахождении по проведению выборов акимов сельских округов Маржанкольского, Мирного, Сарыозек, назначенных на 22 июня 2025 года

п. Осакаровка, ул.Школьная 111 здание ГУ «Централизованная библиотечная система Осакаровского района» тел. 8 (72149) 42076

1. Мулдағалиева Дана Калиоллаевна – председатель комиссии
 2. Сулейменова Айгерим Жанзақовна – заместитель председателя
 3. Алишева Оксана Константиновна – секретарь комиссии
- Члены комиссии:
4. Дубина Елена Константиновна
 5. Еремеева Евгения Александровна
 6. Пышкин Константин Александрович
 7. Шалабаева Насып Тукеновна

СООБЩЕНИЕ о составах участковых избирательных комиссий по Осакаровскому району по проведению выборов акимов сельских округов Маржанкольского, Мирного, Сарыозек, назначенных на 22 июня 2025 года

№ 673 - Центр: с. Маржанкөл, ул. Мира 21. Здание сельского дома культуры, тел. 8 (72149) 38331
Председатель – Дюсембаева Айбаршин Балтабаевна,
Заместитель председателя - Рақымкулова Жанаргуль Алдабергеновна,
Секретарь - Абилова Гульнара Ерболовна,
Члены комиссии: Ибраева Надежда Окасовна, Нурабаева Зауреш Сериковна.
№ 678 - Центр: с. Русская Ивановка, ул. Центральная 30. Здание школы, тел. 8 (72149) 50061
Председатель - Рахменова Татьяна Викторовна,
Заместитель председателя – Жантемирова Саулеш Жанузаковна,
Секретарь – Хуанган Нурсейт,
Члены комиссии: Пискун Вера Дмитриевна, Ширумбаева Майя Юрьевна.
№ 679 - Центр: с.Сарыозек, ул. Дінмұхамед Қонаев 11. Здание сельского клуба, тел. 8 (72149) 50531
Председатель - Досымханов Манарбек Мадениетович,
Заместитель председателя - Әбдіқадыр Роза Әбдіқадырқызы,
Секретарь - Юсупова Ляйля Алтаевна,
Члены комиссии: Карасай Диана Абзалқызы, Смаилова Маржангуль Сембаевна.
№ 680 - Центр: ст. Шокай, ул. Школьная 54. Здание государственного учреждения «Аппарат акима сельского округа Сарыозек Осакаровского района Карагандинской области», тел. 8 (72149) 50479
Председатель – Темирбек Динара,
Заместитель председателя - Колевид Татьяна Ивановна,
Секретарь – Кодарова Ирина Ивановна,
Члены комиссии: Никкель Лилия Викторовна, Петкевич Наталья Анатольевна.
№ 685 - Центр: с.Мирное, ул. Мира 14. Здание сельского дома культуры, тел. 8 (72148) 31440
Председатель - Анисимова Галина Алексеевна,
Заместитель председателя - Мусин Айдархан Курмашевич,
Секретарь - Аникеева Оксана Захаровна,
Члены комиссии: Данилова Светлана Александровна, Салтаева Татьяна Константиновна.

СООБЩЕНИЕ о границах избирательных участков по проведению выборов акимов сельских округов Маржанкольского, Мирного, Сарыозек, назначенных на 22 июня 2025 года

Избирательный участок № 673
Центр: с. Маржанкөл, ул. Мира 21. Здание сельского дома культуры
село Маржанкөл, село Куркопа
Избирательный участок № 678
Центр: с. Русская Ивановка, ул. Центральная 30. Здание школы
село Русская Ивановка
Избирательный участок № 679
Центр: с.Сарыозек, ул. Дінмұхамед Қонаев 11. Здание сельского клуба
село Сарыозек, село Шокай
Избирательный участок № 680
Центр: ст. Шокай, ул. Школьная 54. Здание государственного учреждения «Аппарат акима сельского округа Сарыозек Осакаровского района Карагандинской области»
станция Шокай
Избирательный участок № 685
Центр: с. Мирное, ул. Мира 14. Здание сельского дома культуры
село Мирное



Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Aqua» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жер учаскесіне жария сервитут белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17-бабының 5-1) тармақшасына, 69 бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына және Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Aqua» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2025 жылғы 16 мамырдағы №125 хатына сәйкес, Осакаров ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жер учаскелерін орналастыру және пайдалану схемасына және осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес, шекаралар шегінде Қарағанды облысының Осакаров ауданында орналасқан Қ.И.Сәтбаев атындағы каналдан Астана қаласына дейін су құбырын салу мақсатында пайдалану үшін Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Aqua» шаруашылық

